

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МАҚТААРАЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

БЕКІТЕМІН

Колледж директорының м.а:

А.Батырханова



**ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖОСПАРЫ**

АТАКЕНТ

Мазмұны

Кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты:

1. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыруға, жеке ерекшеліктері мен еңбек нарығының сұраныстарына оңтайлы сәйкес келетін кәсіби қызмет саласын таңдауға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін құру.
2. Колледждің қызметі мен мамандықтары туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу, студенттерді қабылдау жоспарын орындау үшін жағдай жасау;

Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары:

- білім алушылар мен ата-аналарға кәсіби білім беру;
- кәсіби кеңес беру;
- кәсіби-диагностикалық жұмыс;
- кәсіби бейімделу.


Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:

- Колледжімізге келетін талапкерлердің ең көп санын білдіретін өңірдегі мектеп түлектері туралы мәліметтер базасын жинау;
- Өңірдегі білім беру мекемелерімен колледжге оқуға келетін түлектер туралы тұрақты ақпарат алу үшін байланыс орнату;
- Оқуға түсетін талапкерлерді колледждің білім беру қызметі туралы хабардар ету, бейінді, білімді, мамандыққа талапшыл талапкерлерді тартуда қолдау көрсету;
- Мамандық таңдауға көмектесу;

№	Мазмұны	Орындалу мерзімі	Индикаторлар/соңғы нәтиже	Жауапты орындаушы
Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	Кәсіптік бағдар беру жұмысының қызметін реттейтін нормативтік құжаттаманы зерделеу	тамыз	Нормативтік - құқықтық база	ҚКЖ хатшысы
2	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Заңнамалық және нормативтік құжаттары: - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы. - «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы - «Мақтаарал аграрлық колледжі» МКҚК Жарғысы;	үнемі	ереже	Қабылдау комиссиясының төрағасы
3	Жоспарлы істер тізіміне сәйкес қабылдау комиссиясының жұмысы бойынша жергілікті нормативті құжаттарды әзірлеу және жүргізу:	үнемі	ереже	Қабылдау комиссиясының төрағасы
	- Қабылдау комиссиясы туралы	ақпан		
	- Апелляциялық комиссия туралы			
	- 2024-2025 оқу жылына қабылдау ережелері			
	- 2024-2025 жылғы қабылдау комиссиясының мәжілістеріне қажетті құжаттар мен жұмыс жоспары			
	- Есептік құжаттарды дайындау (хаттамалар, есептер)	қыркүйек	жоспар	Қабылдау комиссиясының төрағасы
	- Қабылдау талаптары	Өз мерзімінде	ереже	ПӘК төрағасы (төрайымы)
- Талапкерлермен әңгімелесуге қажетті сұрақтарды дайындау, бекіту	Өз мерзімінде	Сұрақтар тізімі	ПӘК төрағасы (төрайымы)	
1. Кәсіби-бағыт беру жұмыстары				
4	Кәсіби бағыттау жұмыстарды жақсарту және сапасын қамтамасыз ету: 1. Мамандық бойынша жарнама ретінде шығарылатын буклеттерде мамандықтың атауын, оқу мерзімін және болашақта қандай мекемеде жұмыс істей алатынын көрсету. 2. Колледжіміздегі білім алушылардың облыстық, республикалық чемпионаттарда және жарыстарда алған жетістіктерін көрсету. 3. Колледждің белсенді жастарын кәсіптік бағдар беру жұмыстарына тарту.	үнемі	жоспар	ҚКЖ хатшысы
5	Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу	наурыз	Жұмыс	Колледж

	<p>үшін мектептерге жауапты оқытушыларды бөлу:</p> <p>1. Аудандық білім бөлімі және жастар саясаты бөлімі мекемелерінен 9,10,11 сынып бітіруші түлектер туралы ақпарат алу.</p> <p>2. Колледж оқытушыларын Мақтаарал, Жетісай, Шардара және Келес аудандарындағы мектептерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлу.</p>		материалдары	әкімшілігі
6	<p>Оқушылардың назарын колледж мамандықтарына аудару мақсатында өңір мектептерімен бірлескен іс-шаралар өткізу.</p> <p>1. Кәсіби бағыттаушы жұмыстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби бағыттаушы лекциялар, концерттер мен сұхбаттар жүргізу - мамандық бойынша түсірілген бейнероликтерді көрсету - мектептердің ресми почтасына жарнамалық материалдарды жіберу. - сынып жетекшілерімен үнемі байланыс орнату 	Сәуір-мамыр	Жұмыс материалдары, әлеуметтік желіге сайтқа жариялау	Колледж әкімшілігі
7	Оқу орнының білім беру қызметі туралы ақпаратты колледж сайтында орналастыру	Жыл ішінде	https://makkolledj.kz/ https://www.facebook.com/Maktaaral.kolledj	Жауапты маман
8	Мектеп оқушылары мен ата-аналары үшін «Ашық есік күндерін» өткізу	Сәуір-мамыр	Жұмыс материалдары	ҚҚЖ хатшысы
2. Жарнамалық-үгіт-насихат жұмыстары				
9	Талапкерлерге арналған жарнамалық буклеттер, ақпараттық-жарнамалық құжаттар мен проспектілерді дайындап, шығару	қаңтар-ақпан	Жұмыс материалдары	ҚҚЖ хатшысы
10	Жарнамалық мақалаларды дайындап ақпараттық анықтамаларда, газеттер мен журналдарда жариялау.	наурыз-маусым	жарияланымдар	ҚҚЖ хатшысы
11	Талапкерлерге арналған колледж туралы және мамандықтар туралы кәсіби бағытталған бейнероликтерді жаңалау	ақпан	Жұмыс материалдары	ҚҚЖ хатшысы
12	Телеарналарда колледж туралы жарнамалық бейне сюжеттер көрсету	мамыр-маусым	ақпарат	ҚҚЖ хатшысы
3. Кәсіптік бағдар беру жұмысын техникалық қамтамасыз ету.				
13	<p>Қабылдау комиссиясының жұмысына қажетті кабинетті дайындау және безендіру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қажетті жабдықтары бар компьютер, принтер, ксерокс, факс қою - Телефон байланысын орнату 	маусым	Колледж фойесі	Қабылдау комиссиясының төрағасы

5.1	Құжаттарды қабылдайтын хатшылардың жұмысын ұйымдастыру	Маусым - шілде	семинар	ҚКЖ хатшысы
5.2	«Мақтаарал аграрлық колледжі» МККК қабылдау нәтижелерін компьютерлік өңдеу (күндізгі бөлім)	Тамыз-қыркүйек	жоспар	ҚКЖ хатшысы
5.3	Қабылдау комиссиясының құжаттарын оқу бөлімі мен мұрағатқа өткізуге дайындау және тапсыру	Қыркүйек	хаттама	ҚКЖ хатшысы
5.4	Конкурс бойынша оқуға түспеген талапкердің құжаттарын қайтару.	Тамыз-қыркүйек	Қолхат қағаздар	ҚКЖ хатшысы

Жауапты хатшы:  К.Ерханова